


2023 жылдың қараша айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Қарашада іскерлік белсенділік индексі 49,0-ға дейін төмендеді.

Іскерлік белсенділік өндірісте және құрылыста жақсарғаны байқалды, көрсеткіш тиісінше **51,4** (қазанда – 51,6) және **50,2** (қазанда – 48,8) болды. Құрылыста жаңа тапсырыстардың көлемі, еңбекпен қамту деңгейі жоғарылады. Ал өндірісте жаңа өнім мен тауарлық-материалдық қорлардың көлемі де ұлғайды.

Қызмет көрсету және тау-кен өнеркәсібінде көрсеткіш төмендеп, индекстер тиісінше **48,3-і** (қазандағы 49,4-тен) және **47,4-ті** (қазандағы 48,3-тен) құрады. Қызмет көрсетуде жаңа тапсырыс пен еңбекпен қамту көлемі төмендеп, тау-кен өндіру өнеркәсібінде тауарлық-материалдық қорлардың көлемінен басқа, барлық құрауыштардың төмендегені байқалды.



Ағымдағы және болашақ бизнес жағдайларды бағалау көрсеткіштері төмендеді. Ағымдағы және болашақ бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі 7,0** болды (2023 жылғы қазанда – 11,2).

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>